

коммерциялық қорларын дәлелдеу мақсатымен барлау бұрғылауымен қатар жүргізілген. Бағалау бағдарламасының шегінде 3-тен 8 ге дейін ұңғымаларды бұрғылау жоспарланған, сонымен қатар шамамен 1600 м ауданда үш өлшемді сейсмикалық барлауды жүргізу жоспарланған.

Шығыс Қашаған-1 скважинасынан солтүстікте 8 км және Атыраудан оңтүстік шығысқа шамамен 70 км орналасқан Қашаған-2 бірінші барлау ұңғымасын бұрғылау 2001 жылдың мамыр айында «Сұңқар» бұрғылау баржасын Батыс Қашаған-1 барлау ұңғымасын бұрғылау орнынан алдыртқаннан кейін басталған. Бұрғылау 2001 күзде аяқталған тереңдігі 4142 м ұңғының дебиті тәулігіне 7,4 мың баррельді құраған. Осы кезде ұңғының өнімділігі орнатылумен және барлау жұмыстардың экологиялық ережелернің жетілмеуімен шектеледі.

2001 жылдың күз айында Шығыс Қашаған-2 құрылымында бірінші барлау ұңғымасы үшін қорғаныс жүйесінің құрылысының аяқталғаны туралы хабарлаған. Бағасы \$ 1 млн. болатын конструкциясын Атыраудың «Промонтаж К және В» ЖШКО дайындаған. Ол ұңғылардың сағасын сыртқы табиғи факторлардан, соның ішінде мұздан қорғау үшін арналған.

Жаңа ұңғыларды бұрғылау теңіздегі тереңдігі 2 ден 4 м болатын жасанды аралдардан әкелуге мақсатты болады. Бұрғылау қондырғыларын орналастыру үшін бермдердің құрылысын Баутино ауылының маңында орналасқан Аташ карьерасында алынатын жыныстардан жүргізіледі деп шешілген. Жасанды аралдардың құрылысын жүргізу тендерін американдық түрік Bechtel-Enka компаниясы жеңіп алды.

Өлшемі 120x80 м бірінші жасанды арал Шығыс Қашаған-5 блогында тұрғызылған. Оның құрылысы үшін 350 мың тонна тас керек болған.

Жасанды аралдарды бұрғылау үшін екінші бұрғылау қондырғысы алынған. Бұрғылау платформасын әкелу бойынша халықаралық тендерді германиялық Deutag компаниясы жеңіп алған. Алғашқыда бұл платформа Ұлыбританияда өте терең ұңғымаларды бұрғылау үшін қолданылған.

Қазақстандық өндірушілерден Agip КСО 2001 жылы 113\$ млн. сомасына тауарлар мен қызметтерді алған, ал 2002 жылы бұл көрсеткішті 120\$ млн. дейін жеткізуді жоспарлауда. Келісім шарт негізінен жер өңдеу жұмыстарын жүргізуді, жолдар мен елді мекендер құрылысын қарастырады. Сол уақытта ақшаның үлкен бөлігін консорциум жұмыстар жоғарғы технологиялық жұмыстар мен қондырғыларға бағыттауда, онда қазақстандық өндірушілердің мүмкіндіктері шектелген.

1.4.3 Инвестициялар мен перспективалар

Каспийдің қазақстандық шельфінің кен орындарын өңдеуге кеткен жалпы инвестициялар 14 жыл аралығында 20\$ млрд деңгейінде бағаланады.

2002 жылдың басында консорциум Қашаған кен орнында жұмыс жүргізу үшін 1,2\$ млрд салған, соның ішінде 1993 жылдан 1997 жыл аралығында консорциум сейсмикалық жұмыстарды жүргізу үшін 300\$ млн шығындаған.